

## **Қазақстан Республикасының мұрағат ісі мен құжаттама жүйелерін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қарашадағы N 1153 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесінің 147-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мұрағат ісі мен құжаттама жүйелерін дамытудың 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жарты жылдықтың қорытындылары бойынша 10 қаңтар мен 10 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі жарты жылдықтың қорытындылары бойынша 20 қаңтар мен 20 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметін Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 30 қарашадағы  
N 1153 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының мұрағат ісі мен құжаттама жүйелерін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы**

## Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Мұрағат ісі мен құжаттама жүйесінің қазіргі жай-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаты және міндеттері
5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру тетігі
- 5.1 Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру
- 5.2 Мұрағаттық ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету
- 5.3 Ұлттық мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету
- 5.4 Халықаралық ынтымақтастықты дамыту және кеңейту
6. Қаржыландыру көлемі мен көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер
8. Қазақстан Республикасының мұрағат ісі мен құжаттама жүйелерін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

### 1. Бағдарламаның Паспорты

Бағдарламаның атауы Қазақстан Республикасының мұрағат ісі мен құжаттама жүйелерін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы

Бағдарламаны әзірлеу негіздемесі Мұрағат ісі мен құжаттама жүйелерін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесінің 147-тармағына сәйкес

әзірленді

Бағдарламаны әзірлеуші Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

Бағдарламаның  
мақсаты  
Бағдарламаның  
міндеттері

Мұрағат ісі жүйесін жетілдіру

Алға қойған мақсатқа қол жеткізу  
мынадай міндеттерді іске асыру жолымен  
шешілетін болады:  
нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;  
мұрағаттық ақпаратқа қол жетімділікті  
қамтамасыз ету;  
Ұлттық мұрағат қорының сақталуын  
қамтамасыз ету;  
халықаралық ынтымақтастықты дамыту және

кеңейту

Бағдарламаны  
іске  
мерзімі  
Қаржыландыру  
көлемі мен көздері

2007-2009 жылдар

асыру

Бағдарламаны іске асыруға мынадай  
қаржылық шығындар болжанады:  
республикалық бюджеттен 65,5 млн. теңге  
көлемінде, оның ішінде жылдар бойынша:  
2007 - 20,6 млн. теңге;  
2008 - 21,8 млн. теңге;  
2009 - 23,1 млн. теңге;  
Жыл сайынғы шығыстар тиісті қаржы  
жылына республикалық бюджетті  
қалыптастыру кезінде нақтыланатын  
болады.

Бағдарламаны іске  
асыраудан күтілетін  
нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:  
ISO 9000 және ISO 15489 сериялы  
халықаралық стандарттар деңгейінде  
құжаттаманы жасау, ресімдеу, басқару  
қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету  
технологиясы, Ұлттық мұрағат қоры  
құжаттарын сақтау және пайдалануды  
ұйымдастырудың жалпы мемлекеттік  
деңгейдегі бірыңғай қағидаттары  
белгіленеді;  
мұрағат құжаттарының тұрақты және  
тақырыптық көрмелері ұйымдастырылады,  
республикалық семинарлар өткізіледі,

Ұлттық мұрағат қорының құжаттары бойынша мәліметтер базасын одан әрі дамыту жүргізіледі және ол "электрондық үкіметке" ықпалдастырылады; Ұлттық мұрағат қорының құрамы мен мазмұны оңтайластырылады, құжаттарды цифрлі нысанға көшіру және Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорын құру жалғастырылады; шет елдердің мұрағат қызметтерімен мұрағат ісі мен құжаттама саласында өзара тиімді қатынастар орнайды; Египет, Малайзия, Польша, Ресей, АҚШ, Түркия мұрағаттарында сақтауды қамтамасыз ету, жаңа технологияларды енгізу проблемалары бойынша тағылымдама ұйымдастырылады.

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасының мұрағат ісі мен құжаттама жүйелерін дамытудың 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасын және Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын орындаудың желілік кестесінің 147-тармағын іске асыру мақсатында ә з і р л е н г е н .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қаңтардағы N 146, 2001 жылғы 11 маусымдағы N 797 қаулыларымен бекітілген Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен бағдарламасын орындау мұрағат саласындағы ұйымдық және құқықтық қатынастарды жетілдіруге, мемлекеттік мұрағаттардың материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға, Қазақстанның халықаралық мұрағат ұйымдарындағы бейнесін арттыруға мүмкіндік б е р д і .

Қазақстан Республикасының мұрағат ісі мен құжаттама жүйесін дамыту

бағдарламасын қабылдау әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясына жауап беретін мемлекеттің мұрағат ісі мен құжаттама жүйесі моделін дамыту және одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін болжайды.

### **3. Мұрағат ісі мен құжаттама жүйесінің қазіргі жай-күйін талдау**

**Ескерту. 3-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

Қазіргі уақытта мұрағат ісі мен құжаттама жүйесі саласындағы стратегиялық функцияларды Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, іске асыруды, бақылау-қадағалауды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті жүзеге асыруда.

Мұрағат саласын мемлекеттік басқару мынадай схема бойынша жүзеге асырылады:



мемлекеттік мұрағаттары (16) фил-алдары (36)	мұрағаттары (166)	мұрағаттардың құжаттық материалдарының шағын фотокошірмелерін жасау және қалпына келтіру орталық		Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы
з е р т х а н а с ы				
				Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағаты

Бұдан басқа, Ақпарат және мұрағат комитетінің құзырына 12 мыңнан астам мемлекеттік органдар мен ұйымдар, ұлттық компаниялар мен акционерлік қоғамдардың ведомстволық мұрағаттары мен құжаттамалық қызметтерінің жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық жасау және тексеру жатады.

Сонымен қатар, республикада өткен ғасырдың 20-шы жылдарынан бері қарай құжаттарды мемлекеттік сақтауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің, Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің арнайы мемлекеттік мұрағаттары жұмыс істейді. Бұл құжаттар Ұлттық мұрағат қорының ажырамайтын бөлігі болып табылады және мұрағат ісінің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерек қорына енгізілуі тиіс.

2001 - 2005 жылдар кезеңінде мұрағат саласы жұмыс істеуінің нормативтік құқықтық базасы жасалды. Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы функциялар мен өкілеттіктерге шек қою, мемлекеттік, ведомстволық, жеке мұрағаттардың мұрағат ісі жөніндегі заңнаманың сақталуына тексеріс жүргізу, қызметкерлердің еңбегін растайтын құжаттарды және олардың зейнеткерлік қамтамасыз етуіне ақша аудару туралы мәліметтерді мемлекеттік сақтауға қабылдау бөлігінде»"Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы жылдарда қабылданған 70-тен аса нормативтік құқықтық кесімдер мен әдістемелік құжаттар мұрағат ісі, басқару қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету және құжаттама жүйесін дамыту жөнінде жеткілікті заңнамалық база қалыптастырды.

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 2001 жылғы 14 мамырдағы N 140, 2001 жылғы 22 қазандағы N 376, 2004 жылғы 5 тамыздағы N 219 бұйрықтарымен бекітілген ҚР СТ 1037-2001 "Іс жүргізу және мұрағат ісі. Терминдер және анықтамалар", ҚР СТ 1042-2001 "Ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттама. Құжаттарды рәсімдеу талаптары" ҚР СТ 1237-2004 "Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Қағаз тасымалдағыштардағы құжаттар. Мұрағаттық сақтауға жалпы талаптар" мемлекеттік стандарттары қолданылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 мамырдағы N 578, 2004 жылғы 17 сәуірдегі N 430 қаулыларымен бекітілген Құжат көшірмелерін мемлекеттік сақтандыру қоры туралы ереже, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымы ережесі қолданылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті төрағасының 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 33 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарында құжаттау мен құжаттаманы басқарудың тұрпатты ережелері (мемлекеттік тіркеу N 2331), Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті төрағасының 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 93 бұйрығымен бекітілген Ведомстволық мұрағаттар жұмысының негізгі ережелері (мемлекеттік тіркеу N 2679), Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің 2005 жылғы 25 мамырдағы N 138 бұйрығымен бекітілген Тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле, радиохабарлар жазбаларын сақтау ережесі (мемлекеттік тіркеу N 3702), Мемлекеттік ұйымдар қызметінде жасалатын, сақтау мерзімдері көрсетілген тұрпатты құжаттардың тізбесі енгізілуде.

Осы бағыттағы жұмыстар бойынша республиканың мұрағат саласы ТМД-ға мүше мемлекеттердің алғашқы үштігіне енеді және Польша, Түркия, Қытай, Эстония сияқты е л д е р д і н д е н д е г е й і н д е т ұ р .

Сонымен қатар, Ұлттық мұрағат қорының құрамы мен мазмұны жақсаруда, мұрағат мекемелерін қаржыландыру деңгейі артып келеді.

Материалдық-техникалық базаны жаңарту мемлекеттік мұрағаттарды жарақтандыруды қазіргі стандарттарға жақындатты, Ұлттық мұрағат қорының бірегей бөлігінің сақталу жағдайын жақсартты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 наурыздағы N 183 қаулысымен Археография және деректану ұлттық орталығы құрылды. Үстіміздегі жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағатының 1 млн. сақтау бірлігіне арналған ғимаратының құрылысы аяқталып, пайдалануға беріледі.

Ұлттық мұрағат қорының Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорын құру, мұрағат құжаттарын жаңа жеткізгіштерге тасымалдау, жаңа мұрағаттық технологияларды енгізу жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Қағаз негізді Құжаттар

көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорының 1,6 млн. кадр микрофильмі дайындалды, бұл ұлттық мұрағат қорының бірегей құжаттарының түпнұсқасын сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, мұрағат құжаттарының өшіп бара жатқан мәтіндерінің 12 мыңнан аса парағы қалпына келтірілді, 818 фоно-, 172 кино-, 1350 фотоқұжат цифрлық жеткізгіштерге тасымалданды.

Өткенді шолатын мұрағаттық ақпаратты пайдаланушыларды ақпараттандыруды жақсарту және мұрағат саласының жағымды бейнесін қалыптастыру мақсатында» "Қазақстан мұрағаттары" интернет-ресурсы құрылды, қазіргі уақытта оған келушілер с а н ы 1 4 м ы ң н а н а с т ы .

Қазақстан Республикасы үшін тарихи және мәдени құндылығы бар құжаттарды шетел мемлекеттерінің мұрағаттарынан, кітапханаларынан және ғылыми мекемелерінен іздестіру және сатып алу жөнінде қабылданған шаралар нәтижесінде Ұлттық мұрағат қорының құрамы мен мазмұны едәуір байи түсті.

Арменияда, Египетте, Ұлыбританияда, Германияда, Ресейде, АҚШ-та, Түркияда, Қытайда 35 мың бағалы тарихи құжаттық деректер анықталды. Олардан отандық мұрағаттарда баламасы жоқ 134 мың микрофильм кадрі, 52 киноқұжат, 1819 фотонегатив, 109 құжаттың түрлі-түсті слайдтары сатып алынды.

Мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері қазақстан-египет, қазақстан-герман, қазақстан-иран, қазақстан-италия, қазақстан-қытай, қазақстан-монғол, қазақстан-өзбек және басқа үкіметаралық комиссиялар отырыстарының хаттамаларына енгізілді. Армения Республикасының аумақтық басқару министрлігімен, Польша мемлекеттік мұрағаттары Бас дирекциясымен, Түркия Республикасының Премьер-Министрі жанындағы мемлекеттік мұрағат Бас дирекциясымен, АҚШ Холокост мемориалдық мұражайымен келісімдер жасалды.

Біздің республикамыздың астанасы Астана қаласында 2002 жылы Халықаралық Мұрағаттар Кеңесінің Еуразиялық өңірлік бөлімшесінің III конференциясы (ХМК ЕВРАЗИКА) және "Еуразиялық өңірде мұрағат ісінің құқықтық проблемалары" халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференцияда қабылданған қорытынды құжаттар еуразия идеясының жүзеге асуына, паритетті серіктестікті нығайтуға өз үлесін қосты және ТМД-ға мүше мемлекеттердің мұрағат қызметтері арасында өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту үшін сенімді негіз болды.

Сонымен қатар, мұрағат ісі мен құжаттама жүйесінің қазіргі жай-күйін талдаудан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясына жауап беретін оның моделін жетілдіру жөнінде бағдарламалық кешенді шаралар қабылдау қ а ж е т т і л і г і т у ы н д а й д ы .

Басқару қызметін құжаттамалық қамтамасыз етудің заңнамалық бекітілген нормалары мен қағидаттарының осы уақытқа дейін болмауы құжат айналымы саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты жүргізуге, қағаздық құжат айналымының



көлемін қысқартуға, электронды құжаттарды қолдану саласын кеңейтуге ықпал етпейді. Бұл ұйымдарда, олардың құзыреті мен ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны деңгейіне қарамастан, іс жүргізу сатысында құжаттарды жасау және ресімдеуге пәрменді бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Алдағы уақытта Қазақстан Республикасының Халықаралық сауда ұйымына (ХСҰ) кіруі қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны, мемлекеттік стандарттарды халықаралық стандарттармен, оның ішінде "Ақпарат және құжаттама. Құжаттаманы басқару" ISO 9000 және ISO 15489 серияларымен одан әрі үйлесуін талап етеді.

Автоматтандырылған ақпараттық технологияларды жаппай енгізу мен пайдалану аясында мұрағат мекемелерінің жұмыстың негізгі бағыттарын ақпараттандыруда кейіндеп бара жатқаны байқалады. Бірыңғай мәліметтер базасының және мемлекеттік мұрағаттардың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің болмауы мемлекеттің сұрау салуларын уақтылы және сапалы қамтамасыз етуіне, азаматтардың, оларға қажетті мұрағаттық ақпаратты алудағы заңды құқықтары мен мүдделеріне жағымсыз әсер етеді.

Қызметкерлердің еңбек еткенін растайтын құжаттардың және олардың зейнеткерлік қамтамасыз етілуіне ақша аударымдары туралы мәліметтерді ведомстволық сақтау сатысында сақталуының қамтамасыз етілмеуінен, мұрағат мекемесіне түсетін әлеуметтік-құқықтық сипаттағы 30 пайыздан аса сұранымдар оң жауабын ала алмайды. Сонымен бірге, мемлекеттік органдардың 70 пайызының, өздерінің құрылымдарында ведомстволық мұрағаты жоқ. Егемендік және тәуелсіздік кезеңіндегі құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, олардың жоғалуының алдын алу ұйымдардың барлық меншік нысандарында заңнаманың сақталуын қатаң бақылауды талап етеді.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша мұрағат ісі мен іс жүргізудің жоғары білікті мамандарын даярлау мәселесі де шешуін таппауда. Сала қызметкерлері еңбегінің бейнесін және тартымдылығын арттыру үшін оларға жалақы беру жүйесін жетілдіру және мемлекеттік қолдау деңгейін арттыру жөнінде түбегейлі шаралар қабылдау керек.


Бірқатар облыстық, қалалық, аудандық мұрағаттардың техникалық жабдықтарының тозуы мен жергілікті бюджеттен жеткілікті қаражаттың бөлінбеуі, құжаттарды сақтауда оңтайлы температура ылғалдылық режимін ұстауға және олардың тиісті деңгейде физикалық-химиялық сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Осы себепті іс жүзінде барлық облыстарда, Алматы, Астана қалаларында Ұлттық мұрағат қорының аса құнды бөлігі, құжаттардың түпнұсқасы жоғалған немесе бүлінген жағдайдан сақтандырылып құжаттарды қазіргі заманғы тасығыштарға аудару немесе сақтық көшірмелеу жүзеге асырылмаған.

Белгіленген проблемалық мәселелерді шешу Қазақстан Республикасын Австрияда, Швецияда, Испанияда, Францияда, Малайзияда және т.б. жұмыс істейтін мұрағат ісі мен құжаттама жүйесінің озық моделіне жақындауына септігін тигізеді.

Мұрағат ісі мен құжаттама жүйесінің озық моделі мыналарды білдіреді:  
 құжаттарды сақтаудың бүкіл циклін, олардың мемлекеттік мұрағаттарға түскен сәтінен бастап пайдалану үдерісінде қамтамасыз ететін мұрағат мекемелері желілерінің  
 б о л у ы ;

жана мұрағаттық технологияларға қол жетімділік, құжаттық ақпараттардың ашықтығы, оны іздестірудің, алудың және пайдаланудың заңдылығын қамтамасыз ету;

"электрондық үкімет" жағдайындағы жұмыстар талабына жауап беретін мұрағат ісінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (МІ ААЖ) жұмыс істеуі (схемада):



Арнайы мемлекеттік мұрағаттар-арнайы мемлекеттік органдардың мұрағат мекемелері	Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ведомстволық мұрағаттары	Орталық мемлекеттік мұрағат мекемелері	Облыстардың қалалардың, аудандардың мемлекеттік мұрағаттары және олардың филиалдары
---	--	--	---

мұрағат мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жаңғыртуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орнықты қаржыландыру, қазіргі заманғы мұрағаттық технологияларды енгізу;

қазіргі заманғы менеджмент пен әлемдік прогрессивтік тәжірибені меңгерген жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты және міндеттері**

Бағдарлама мақсаты мұрағат ісі жүйесін жетілдіру болып табылады. Алға қойылған мақсатқа сәйкес мынадай негізгі міндеттерді шешу болжанады:

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;  
мұрағаттық ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету;  
Ұлттық мұрағат қорын сақтауды қамтамасыз ету;  
халықаралық ынтымақтастықты дамыту және кеңейту.

#### **5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру тетігі**

Мақсатқа қол жеткізу және міндеттерді шешу үшін Ұлттық мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз етуге, құжаттаманы жасаудың, ресімдеудің жалпы мемлекеттік деңгейдегі бірыңғай қағидаттарын белгілеуге, халықаралық стандарттарды енгізуге ерекше назар аударатын болады. Осы салада жаңа ақпараттық технологияларды қолдану жағдайында талап етілетін жоғары білікті мамандарды, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша даярлау жөнінде ұсыныстар енгізілетін болады.

##### **5.1. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру**

2007-2009 жылдары мұрағат ісі мен құжаттама жүйесінің заңнамалық және нормативтік құқықтық базасы жетілдірілетін болады. Бірінші кезекте мемлекет пен қоғамның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне қатысатын барлық ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы ұйымдарда құжаттаудың бірыңғай қағидаттарын белгілейтін "Басқару қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және қабылдау көзделеді.

Мемлекеттік және арнайы мемлекеттік мұрағаттардың басқару құжаттамасын толықтыру, сақтау, есепке алу, пайдалану ережесі, Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын басып шығару ережесі, Мемлекеттік мұрағаттарда ғылыми-техникалық құжаттаманы толықтыру, сақтау, есепке алу, пайдалану ережесі, Мемлекеттік мұрағаттарда дыбыс-бейне құжаттаманы толықтыру, сақтау, есепке алу, пайдалану ережесі және басқа да нормативтік құқықтық кесімдер әзірленеді.

Ғылыми-әдістемелік базаны дамыту тұрпатты үлгілік іс номенклатурасын, электрондық жеткізгіштердегі құжаттармен жұмыс істеу бойынша теориялық және практикалық сипаттағы жаңа әдістемелерді әзірлеуді, ескірген әдістемелік құралдарды мұрағат ісінің түрлі сегменттері бойынша жетілдіруді және құжаттарды (электронды құжатты) толықтыру, сақталуын қамтамасыз ету, есебін жүргізу, пайдалану мәселелерін регламенттейтін құжаттама жүйелерін дамытуды көздейді.

## **5.2. Мұрағаттық ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету**

**Ескерту. 5.2-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

Тарихи-мәдени деректі мұраларға қоғам қызығушылығын аудару мақсатында телерадиохабарлар ұйымдастыру, баспа және электронды бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, тұрақты жұмыс істейтін және тақырыптық көрмелер, экспозициялар, республикалық семинарлар өткізу арқылы оларға қол жеткізу мүмкіндіктері кеңейеді. Құжаттарды әйгілеудің жаңа нысандары - мұрағат құжаттары негізінде дайындалған электронды басылымдар пайдаланылатын болады. Бұл мемлекеттің деректік базасын және ақпараттық ресурсын одан әрі кеңейту проблемаларына ғалымдардың, зерттеушілердің, жалпы қоғамның назарын аударуға мүмкіндік береді.

Құпиясыздандырылған мұрағат қорларына қол жеткізуді қамтамасыз ету нәтижесінде Ұлттық мұрағат қорының құрамына кіретін бұрын зерттелмеген және жұртшылыққа белгісіз деректер ғылыми айналымға енгізіледі.

Мұрағат саласының ақпараттандыру саласындағы артта қалуын жеңу және осы заманғы технологияларды енгізу мақсатында республиканың мемлекеттік мұрағат мекемелерінің бүкіл желісін қамтитын Мұрағат ісінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (МІ ААЖ) одан әрі дамыту жоспарланды.

Ол ұйымдастырушылық-басқару функцияларын орындау жөніндегі ақпараттар ағынын басқаруға, Ұлттық мұрағат қоры құжаттарының орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізуге, өткенді шолатын құжаттық ақпаратты жедел және көпқырлы іздестіруге, "электронды үкімет" жағдайында жұмыс істеу талаптарына сәйкес заңды және жеке тұлғаларға консультация беру және олардың сұрау салуларын орындау кезінде көрсетілетін ақпараттық қызмет сапасын арттыруға арналған.

"Қазақстан мұрағаттары" интернет-ресурсы қызметін дамыту және жетілдіру міндеті тұр.

## **5.3 Ұлттық мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету**

Пайдалану үдерісінде құжаттардың ескіруі, тозуы, сақтау және консервациялаудың жаңа нысандарын, әдістері мен тәсілдерін іздестіруді қажет етеді.

Неғұрлым бағалы құжаттардың түпнұсқалары айрықша кезеңде немесе табиғи немесе техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде бейбіт уақытта жоғалған жағдайда олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорын құру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Малайзияның, Францияның, Польшаның, АҚШ-тың, Белоруссияның тәжірибесін зерделеу негізінде мұрағаттық құжаттарды қалпына келтіру және ұзақ мерзімді

сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі қазіргі заманғы әдістер әзірленеді және енгізіледі.

Құжаттарды температураның, ылғалдың, жарықтың бүлдіру әрекеттерінен, биобүлінуден, ластанудан, ұрланудан және жоғалудан сақталуды қамтамасыз ететін сақтаудың оңтайлы жағдайын ұстау үшін мемлекеттік мұрағаттардың материалдық-техникалық базасын жаңғыртуды кезең-кезеңмен жүзеге асыру мәселелері пысықталатын болады.

Мұны құжаттарды реставрациялау, оның қасиеттері мен сыртқы белгілерін қалпына келтіру үдерістері, консервациялау, минимизациялау, жаңа (цифрлық) жеткізгіштерге көшіру жөніндегі жұмыстар да қажет етеді.

#### **5.4. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту және кеңейту**

Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту бойынша жұмысты жандандыру жоспарлануда. Халықаралық конференциялар, семинарлар, біріккен көрмелер мен экспозициялар өткізіледі, мұрағаттық құжаттар мен материалдардың жинақтары дайындалатын болады. Халықаралық мұрағат ұйымдары өткізетін конференцияларға, отырыстарға, форумдарға қатысу болжанады.

2007 жылы Астана қаласында Халықаралық мұрағаттар кеңесінің Еуразиялық өңірлік бөлімшесінің VIII Жалпы конференциясын өткізу шеңберінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттер мемлекеттік мұрағат қызметтерінің басшыларын және "Электронды іс жүргізу және мұрағат" халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушыларын қабылдау жоспарлануда.

Ынтымақтастық туралы халықаралық келісімдерді іске асыру мақсатында мамандардың Египет, Малайзия, Польша, АҚШ, Ресей, Түркия мұрағаттарында құжаттарды қалпына келтіру, цифрлау және сақтау проблемалары бойынша тағылымдамалары ұйымдастырылады.

Шет ел мемлекеттерінің мұрағаттарында, кітапханаларында, ғылыми мекемелерінде, жеке азаматтар коллекцияларында анықталған Қазақстан Республикасы үшін тарихи және мәдени құндылығы бар мұрағаттық құжаттарды, сирек басылымдар мен қолжазбаларды іздестіру және сатып алу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Ислам әлемі елдерінде Қазақстанға қатысты шетелдегі құжаттарды зерделеуге ерекше назар аударылады, сол үшін Египет, Иран, Түркияға іссапарлар жүзеге асырылады.

Мұрағаттық құжаттарды анықтау және көшірмелерін алу жөніндегі ынтымақтастық туралы жасалған келісімдерге сәйкес Арменияның, Ұлыбританияның, Германияның, Ресейдің және басқа да елдердің мұрағаттарынан, кітапханалары мен ғылыми мекемелерінен құжаттар мен материалдардың көшірмелері микрофильмдерінің 47 мың кадрын сатып алу көзделеді.

#### **6. Қаржыландыру көлемі және көздері**

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен 65,5 млн. теңге көлемінде жүзеге асырылатын болады, оның ішінде жылдар бойынша:

2007 - 20,6 млн. теңге;

2008 - 21,8 млн. теңге;

2009 - 23,1 млн. теңге;

2007 - 2009 жылдарға арналған шығыстар көлемі тиісті қаржы жылына арналған»" Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақтыланатын болады.

## **7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер**

1) Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде мынандай нормативтік құқықтық кесімдер әзірленетін болады: "Басқару қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Мемлекеттік және арнайы мемлекеттік мұрағаттардың басқару құжаттамасын толықтыру, сақтау, есепке алу, пайдалану ережесі, Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын басып шығару ережесі, Мемлекеттік мұрағаттарда ғылыми-техникалық құжаттаманы толықтыру, сақтау, есепке алу, пайдалану ережесі, Мемлекеттік мұрағаттарда дыбыс-бейне құжаттаманы толықтыру, сақтау, есепке алу, пайдалану ережесі. ISO 9000 және ISO 15489 сериясындағы халықаралық стандарттар деңгейінде құжаттаманы жасаудың, ресімдеу, басқару қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету технологияларының, Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын сақтауды және пайдалануды ұйымдастырудың жалпы мемлекеттік деңгейдегі бірыңғай қағидаттары белгіленеді.

2) Жыл сайын республикалық семинарлар мен мұрағаттық құжаттардың тақырыптық көрмелері ұйымдастырылады және өткізіледі.

2009 жылдың аяғына қарай жұмыс талаптарына сәйкес "электрондық үкімет" жағдайында республиканың мемлекеттік мұрағат мекемелерінің бүкіл желісін қамтитын Мұрағат ісінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі енгізілетін болады.

3) Цифрлы пішінге мыналар көшіріледі:

1,8 мың кино-фоно құжат, оның ішінде 2007 жылы - 0,6 мың сақтау бірлігі, 2008 жылы - 0,6 мың сақтау бірлігі, 2009 жылы - 0,6 мың сақтау бірлігі;

10 мың фотоқұжат, оның ішінде 2007 жылы - 4 мың сақтау бірлігі, 2008 жылы - 3 мың сақтау бірлігі, 2009 жылы - 3 мың сақтау бірлігі;

Ұлттық мұрағат қорының 2 млн. парақ аса құнды мұрағаттық құжаттары, оның ішінде 2007 жылы - 600,0 мың парақ, 2008 жылы - 700 мың парақ, 2009 жылы - 700 мың парақ;

4) Шет елдердің мұрағат қызметтерімен мұрағат ісі және құжаттама саласында өзара тиімді байланыстар орнайды; Египет, Малайзия, Польша, Ресей, АҚШ, Түркия мемлекеттерінің мұрағаттарында сақтауды қамтамасыз ету және жаңа технологияларды

енгізу проблемалары бойынша ондаған маманның тағылымдамалары ұйымдастырылады, оның ішінде жылдар бойынша 2007 жылы - 3 адам; 2008 жылы - 4 адам; 2009 жылы - 3 адам.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 2010 жылға қарай көлемі шамамен 15% өсетін Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорының сақталуы қамтамасыз етілетін болады.

## 8. Қазақстан Республикасының мұрағат ісі мен құжаттама жүйелерін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (млн. теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1 .	<b>Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру</b>					
1	"Басқару қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	М А М ( жинақтау), Әділетмині	2007 жылғы сәуір	Қажет етпейді	
2	Мемлекеттік және арнайы мемлекеттік мұрағаттардың басқару құжаттамасын толықтыру, сақтау, есепке алу, пайдалану ережесін әзірлеу	М А М бұйрығы	М А М, жергілікті атқарушы органдар	2007 жылғы қараша	Қажет етпейді	
3	Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын басып шығару ережесін әзірлеу	М А М бұйрығы	М А М, жергілікті атқарушы органдар	2008 жылғы қыркүйек	Қажет етпейді	
4	Мемлекеттік мұрағаттарда ғылыми-техникалық құжаттаманы толықтыру, сақтау, есепке алу, пайдалану ережесін әзірлеу	М А М бұйрығы	М А М, жергілікті атқарушы органдар	2008 жылғы шілде	Қажет етпейді	
5	Мемлекеттік мұрағаттарда дыбыс-бейне құжаттамасын толықтыру, сақтау, есепке алу, пайдалану ережесін әзірлеу	М А М бұйрығы	М А М, жергілікті атқарушы органдар	2007 ж. Тамыз	Қажет етпейді	
	Мұрағат ісі және құжаттама саласындағы мемлекеттік стандарттарды ISO 9000 және					

6	ISO 15489 сериялы "Ақпарат және құжаттама. Құжаттаманы басқару" халықаралық стандарттарымен үйлестіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	МАМ	Жыл сайын , қаңтар, шілде	Қажет етпейді	
<b>2 . Мұрағаттық ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету</b>						
7	Мұрағат құжаттарының республикалық көрмелерін өткізу, электрондық басылымдарды (мұрағаттардың ақпараттық бюллетеньдерін және т.б.) дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	МАМ	Жыл сайын , қаңтар, шілде	Барлығы: 1,4 оның ішінде: 2007 ж. - 0,6 2008 ж.- 0,4 2009 ж. - 0,4	Республикалық бюджет
8	Мынадай тақырыптарда республикалық ғылыми-тәжірибелік семинарларды дайындау және өткізу : мұрағаттардың ақпараттық әлеуеті: жоғалтқандары, тапқандары; Ұлттық мұрағат қорының азаматтық қоғамдағы қажеттілігі: жай-күйі және перспективалары; мәдени мұра: кітапханалар, мұрағаттар, мұражайлар ынтымақтастығы	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	МАМ	Жыл сайын , қаңтар, шілде	Барлығы: 1,2 оның ішінде: 2007 ж. - 0,3 2008 ж . - 0,3 2009 ж. - 0,6	Республикалық бюджет
9	Мұрағат қорларына ғылыми-анықтамалық аппарат және Ұлттық мұрағат қорының дерек қорын, автоматтандырылған каталогтар, электрондық тізімдемелер, жолкөрсеткіштер , мұрағат құжаттарының құрамы мен мазмұны жөніндегі мұрағатаралық анықтамалықтарды жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	МАМ	Жыл сайын , қаңтар, шілде	Қажет етпейді	
10			МАМ		Барлығы: 1,5 оның ішінде: 2007 ж. - 0,5 2008 ж.	



	"Қазақстан мұрағаттары" интернет-ресурсының жұмыс істеуін қолдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп		Жыл сайын , қаңтар, шілде	- 0,5 2009 ж. - 0,5	Республикалық бюджет
<b>3. Ұлттық мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету</b>						
11	Мұрағат құжаттары көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорын құру жөніндегі жұмысты жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	МAM	Жыл сайын , қаңтар, шілде	Қажет етпейді	
<b>4. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту және кеңейту</b>						
12	Мұрағат құжаттары мен басылымдарының халықаралық көрмелерін дайындауға және өткізуге қатысу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	МAM	Жыл сайын , қаңтар, шілде	Барлығы: 1,7 оның ішінде: 2007 ж. - 0,6 2008 ж -0,5 2009 ж. - 0,6	Республикалық бюджет
13	Мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерді ( меморандумдарды, шарттарды) іске асыруды жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	МAM	Жыл сайын , қаңтар, шілде	Қажет етпейді	
14	Астана қаласында Халықаралық мұрағаттар кеңесі Еуразиялық өңірлік бөлімшесінің (ЕВРАЗИКА ХМК) VIII Жалпы конференциясын, " Электрондық іс жүргізу және мұрағат" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция және ТМД-ға қатысушы елдердің мемлекеттік мұрағат қызметтері консультациялық кеңесі басшыларының отырысын өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	МAM	2007 жылғы қыркүйек	Барлығы: 1,8 оның ішінде : 2007 ж. - 1,8	Республикалық бюджет
15	Халықаралық мұрағаттар кеңесінің Еуразиялық аймақтық бөлімшелерінің ( ЕВРАЗИКА ХМК) IX және X Жалпы конференцияларына қатысу	Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп беру	МAM	Жыл сайын , қаңтар, шілде	Барлығы: 2,8 оның ішінде: 2008 ж. - 1,3 2009 ж . - 1,5	Республикалық бюджет

16	Мұрағат ісі мамандарының институттарда, ғылыми орталықтарда және шет мемлекеттердің мұрағаттарында тағылымдамадан өтуін, оқуын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	МАМ	Жыл сайын , қаңтар, шілде	Барлығы: 10,5 оның ішінде: 2007 ж.-2,1 2008 ж. - 4,2 2009 ж.-4,2	Республикалық бюджет
17	Мамандарды шет мемлекеттердің мұрағаттарына, кітапханалары мен ғылыми мекемелеріне Қазақстан Республикасы үшін тарихи және мәдени құндылығы бар құжаттар мен материалдарды табу үшін іссапарларға жіберуді ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	МАМ	Жыл сайын , қаңтар, шілде	Барлығы: 12,1 оның ішінде: 2007 ж. - 3,1 2008 ж. - 4,1 2009 ж. - 4,9	Республикалық бюджет
18	Шет мемлекеттер мұрағаттарынан, кітапханалары мен ғылыми мекемелерінен сирек ұшырасатын қолжазбаларды, құжаттар көшірмелерін сатып алу (микрофильмдер дайындау)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	МАМ	Жыл сайын , қаңтар, шілде	Барлығы: 24,5 оның ішінде: 2007 ж. - 9,6 2008 ж. - 7,5 2009 ж. - 7,4	Республикалық бюджет
19	Қазақстан Республикасы үшін тарихи және мәдени құндылығы бар, жеке және заңды тұлғалардың меншігі болып табылатын аса құнды құжаттық коллекциялар, жеке қорлар мен құжаттарды сатып алу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	МАМ	Жыл сайын , қаңтар, шілде	Барлығы: 8 , 0 оның ішінде: 2007 ж.-2,0 2008 ж.-3,0 2009 ж. - 3,0	Республикалық бюджет

Қазақстан Республикасының мұрағат ісі және құжаттама жүйелерін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша шығыстар көлемі 65,5 млн. теңгені құрайды, оның ішінде 2007 ж. - 20,6 млн. теңге; 2008 ж. - 21,8 млн. теңге; 2009 ж. - 23,1 млн. теңге. Жыл сайынғы шығыстар тиісті қаржы жылына арналған» " Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес  
н а қ т ы л а н а т ы н б о л а д ы .

**Ескертпелер: аббревиатуралар мен қысқарған сөздердің толық жазылуы**

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі